

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Тобыл кентінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2020 жылғы 20 наурыздағы № 366 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 наурызда № 9058 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 42 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 15.09.2023 № 42 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 24.12.2021 № 77 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес ауданның мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Тобыл кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Тобыл кентінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, кент тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Мәслихаттың "Қостанай облысы Таран ауданы Тобыл кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 22 шілдедегі № 223 (2014 жылғы 11 қыркүйекте "Маяк" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5031 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының хатшысы

А. Тугельбаев

С. Сапабеков

Мәслихаттың

2020 жылғы 20 наурыздағы

№ 366 шешімімен

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышына өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 24.12.2021 № 77 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Тобыл кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 24.12.2021 № 77 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Тобыл кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Тобыл кентінің ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауылдық округ тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдар) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Тобыл кентінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Тобыл кентінің әкімімен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді Тобыл кентінің әкімі ұйымдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Тобыл кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Тобыл кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудан мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Тобыл кенті әкімінің аппаратына беріледі.

Мәслихаттың
2020 жылғы 20 наурыздағы
№ 366 шешіміне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышына өзгеріс енгізілді -
Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 24.12.2021 № 77

шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Тобыл кентінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 09.03.2022 № 105 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Елді мекеннің атауы	Кент тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Тобыл кентінің шекараларында: Южная 4, 5, 7, 13-15, 17, 24, 25, 27 -30, 34, 36, 41, 49, 51, 62, 64, 70, 88 , Болашақ 20, 45, 51, 61, 64, 68, 70, 73, 78, 79, 85, 87, 91, 95, 96, 101, 103, 105-109, 110, 112, 116, 118, 122, 132, 134, 138, Степная 3, 6, 7, 9, 12, 13, 17, 22-26, 28, 31, 32, 34- 37, 50, 58, 66, Карьерная 2, 6, 10, 12, 14, 16, 20, 21, 28, 41, Новая 5-7, 9, 12, 14, 15, 17, 22, 23-27, 30, 38, 39, 42, 44, 46, 48, 52, Нефтебазовская 8, 12, 14-20, 22-26 , 30, 32, 37, 38, 40-45, 47, 49, 50, 52 , 54-57, 59, 61, 65, Бақыт 2-10, Панфилов 5, 6, 9, 15, 21, 23, Каменный карьер 1-3, 5, 8, 9, ВОДРЕМ-303 303, КСМК 1, 3, 5, 9 , 11, 13, 14, 18, 19, 21, 26, 28, 36, 38-42, 44-47, Школьный тупик 1, 4 -6, 16, 19, 27 көшелері.	3
2	Тобыл кентінің шекараларында: Восточная 2а, 5, 7, 8, 9, 10-12, 15, 19а, Комсомольская 1, 2а, 5, 7, 11, 20, 21, 22, 24, 29, Юбилейная 1-9, 11-13, Титов 1, 2, 5, 7, 11-13, 15-17 , 19, 22-26, 29-36, Таран 1, 2, 4, 6, 7, 11, 12, 14-19, 21-23, 25, 26, 27, 29, 30, 32, 33, 35-48, Гагарин 1-12, 14-18, 20-23, 24-26, 28-44, 46, 48, Молодежная 5, 7, 9, 11, 18, 20, 22, 30, Бейбітшілік 4-10 жұп жағы, 9, 18, 21, 23, 28, 42, 45, 46, 48, 49, 58, 62, 63, 66, Викторовская 2, 4, 5, 8, 14, 18, 20, 22, Достық 3, 5, 8, 9, 15, 17, 26, 31, 42, 49, 51, 52, 57, 60, 62, Тәуелсіздік 3, 6, 9, 14, 28, 29, Жеңіс 1, Элеваторная 8, 10, 13, 19, 31-43 тақ жағы, 47-51, 53, 61, 65, 67, 69, 71, Строительная 1, 3-6, 8-	3

	10, 11-17, 20, 22-30, 32-34, 35-37, 39-41, 43, 44, 47, 51, 53, 56, 58, 59, 61, ДЭУ-23 1-6, Бірлік 1-4, 4а, 5-7, 9, 11, Больничный тұйық көше 4, 5, 6, Самал 2, 6, 10-12, 15, 22, 23, 24, 25, 30, 31 көшелері.	
3	Тобыл кентінің шекараларында: Станционная 3, 5, 17, 19, 23, 25, 27, 35, 35/1, Элеваторная 14, 16, 18, 24, 30, 40-66 жұп жағы, 75, 81, 83, 87-95 тақ жағы, Рабочая 4, 13, 17, 19, 23, 39, Тәуелсіздік 39, 43, 47, 49, 53, 58, 59, 64, 71, 75, 81, 83, 85-88, 91, 95, 97, 98, 99, 100, 104, 120-126 жұп жағы, 130, 134, Тобольская 2, 4, 6, 7, 8, 10-13, 15-17, 19, 21, 24, 25, 27, 36, 37, 38, 40, 52, Кустанайская 1-4, 6, 6а, 8, 11, 12, 15-18, 21, 23, 25, 32, 36-48 жұп жағы, Достық 61, 62, 65а, 73, 77, 80, 88, 92, 94, 100, 102, 106-112 жұп жағы, 116, 120-124 жұп жағы, 128, 132, 134, 138, 140, 144, 148, Викторовская 13, 17-23 тақ жағы, 31, 33, 34, 36, 38, 39, 40, 41, 47, 48, 50, 54-56, 59, 62, 63, 65, 66, 69, 73-76, 84, 90, 96, Северная 1, 5-7, 9-12, 14-29, 32, 37, 38, 40-42, 44, 46-48, 50, 52, 54, 56, 58, 59, 63, 67-75 тақ жағы, 79, Целинная 1, 1а, 2, 3, 5-8, 10-16, 17-19, 22-24, 26, 27, 28, 31, 32, 34-36, 38-46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 66, 68, 70, Бейбітшілік 71, 71а, 90, 98, 100-124 жұп жағы, 128, 134-140 жұп жағы, 144, 148, 150, 152, 162, 164 көшелері.	3
	Тобыл кентінің шекараларында: Станционная 31, 33, 37, 57, 59, 69-85 тақ жағы, Путейская 1а, 2-6, Элеваторная 99, 101, 105-117 тақ жағы, 121, 123, Бейбітшілік 77, 79, 83-113 тақ жағы, 121, 123, 127, 153, 161-165 тақ жағы, 166, 167, 169, 173, 174, 178, 180, 183-185, 187, 192-194, 197, 198, 203-213 тақ жағы, 210-216 жұп жағы, 228, 236, 238, 242, 244, 244а, 248, 258, 264, 268, 270, 272, 276, 280, 284, 286, 290, 292, 294, 298, 306, 310-318 жұп жағы, Рабочая 41, 43, 49, 51, 53, 57, 59, 61, 65, 75, Тәуелсіздік 97-107 тақ жағы, 113-133, 137-143 тақ жағы, 142, 147, 147а, 148, 152, 155, 157, 159, 162, 164, 166, 169,	

4	170, 174, 177, 181, 182, 185, 186, 188, 189, 193, 195-200, 202, 204, 210, 214, 222, 228, 232, 234, 242, 248-258 жұп жағы, 266, 268, Кустанайская 31, 35, 37, 39, 43-49 тақ жағы, 60, 72, 84, 94, 96, 100, 102, Достық 79, 81, 83, 85, 89, 91, 95, 97, 99, 101, 111, 113, 118, 150, 154, 166, 168, 176-188 жұп жағы, 192, 200, 204, 208-214 жұп жағы, 216, 218, Целинная 49, 57, 63, 65, 72, 75, 77, 78, 80-82, 87, 91, 92, 96, 100, 102, 105, 105а, 109, 111-117 тақ жағы, Западная 3, 6, 8-13, 15, 17-19, 20, 48, Северная 87, 95, 107, 113-117 тақ жағы, 121, 123, 127, 129, 135, 137, 139, 145-157 тақ жағы, Викторовская 93, 95, 97, 99, 100, 103, 107, 110, 116, 117, 120, 121, 123, 128, 129, 131, 132, 136, 138, 143, 145, 147, 153-156, 158, 160-162, 165-170, 172-176, 178-185, 187 көшелері.	3
5	Приозерное ауылы	3